

Дін – тәрбие діңгегі

/дөңгелек үстел/

Өткізілген күні: 18.10.2016жыл

Мақсаты: Білім алушыларға діни тәрбие беру арқылы, тазалыққа, имандылыққа, адалдыққа, қайырымдылыққа, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу.

Барысы:

I. Кіріспе.

II. «Ислам діні - таза, күшті, құдіретті дін»-Елеусизова Әлия.

III. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас»- Даутова Гүлмира.

Мұғалімнің сөзі:

Дін - ғылымның анасы,

Дін - ғылымның әкесі,

Ғылым - діннің баласы,

Дін - ғылымның көкесі!!!

Ғылым да бар, дін де бар,

Қоқыс та бар, гүл де бар.

Адам ата өлмесін,

Ақырзаман келмесін,

Қол қусырып құдайға

Ғылым мен дін, бірге бар!

Құрметті дөңгелек үстелге қатысушылар!

Бүгінгі тақырыбымыз «Дін – тәрбие діңгегі» тақырыбында болмақ. Алдымен бейне материалға назар аударайық./ бейне материал көрсетіледі/

-«Ислам діні - таза, күшті, құдіретті дін»-дейді Әлия апайымыз, ендеше сөз сізге беріледі.

Елеусизова Әлия:

Ислам діні - таза, күшті, құдіретті дін. Ислам – рух пен тәннің тазалығы. Осы екеуін тең ұстайды. Исламда тек сүйіспеншілік, ақ көңілділік, жақсы сөз, туралық және жақсылық жасау сияқты қасиеттер орын алған. Ислам – адам өмірін сақтаушы, денсаулықтың қорғаны, адамның өзін - өзі құртып, бітіруіне тосқауыл болатын ғажайып нәтижелер жиынтығы. Ислам мемлекеттерінде тұрмыс жағдайы төмен болса да, қылмыс деңгейі мен ажырасу саны ең аз, рухани бақыт көрсеткіші мен денсаулық деңгейі әжептәуір жоғары. Дамыған елдерден қанша төмен тұрса да жоғары деңгейдегі мораль мен тәртіп сақталған. Ислам – өмірдегі ең ұсақ құбылыс бөлшегін түсіндіретін жетілген қоғамдық құрылым жүйесі. Ислам – қайырымдылық пен зұлымдықтың не екенін нақты түсіндіре алады, қалай дұрыс өмір сүру, қалай дұрыс тамақтану, қалай бала тәрбиелеу, әйелді қалай қастерлеу, қалай киіну, қоғамдық өмірдегі қатынас сияқты т. б. маңызды сұрақтарға жауап бере алады. Исламда, мемлекетті басқару ұйымы үшін, қалай салық жыйнау, салық мөлшерін белгілеу, қаржыны реттеу, қоғамдық тәртіпті белгілеу және қадағалау, халық қажеттілігін қамтамасыз ету, ресурстарды адамдар арасында әділ бөлу сияқты т. б. нұсқаулар бар.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»- демекші осы сөз туралы Гүлмира.апай не дер екен:

Яғни, Ислам – «басынан аяғына» дейін құрылымы жетілген нағыз керемет дін.

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,

Рас сөз ешуақытта жалған болмас.

Көп кітап келді Алладан, оның төрті

Алланы танытуға сөз айырмас.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас...» - Абайдың 1902 ж. жазған өлеңі. Қазақ топырағында Абайға дейін Алланы тану мәселесімен арнайы шұғылданған ойшыл болмаған. Абай Алланың насихатшысы емес, оны танушы, зерттеуші ойшыл. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас» деп, Абай мәселені діни сана ауқымында қарастырып, бірақ Алланың растығына айырықша көңіл бөлген. Ақын «рас» деген түсінікпен нені айтқалы отыр. Бұл - бір мәселе. Сонымен бірге Алланың өзі ғана рас емес, сөзі де рас дегенде нені меңзеп отыр. Бұл, біріншіден туындайтын екінші мәселе. «Рас» деген қандай болмасын заттың, құбылыстың мәнін, әрі сапалық мөлшерін білдіре алатын өлшем. Заттың рас болуы да, болмауы да мүмкін. Алғашқыда рас болып айқындалған зат, келе-келе мәнсіздене рас емеске айналуы ықтимал. Бірақ рас заттың рас емеске өтуі де рас. Демек, растың бірақ мәні бар, ол оның растығы. Бұл «рас» ұғымының бір қыры. «Растың» екінші қырына келсек, сонда растың растығын тану мәселесіне тірелеміз. Бұл философиялық мәселе. Растың растығын тани алмасақ, ол жөнінде не айтуға болады. Онда Алланың барлығына сенуден өзге амал жоқ. Бірақ Абай Алланы рас дегенде, оны ақиқат деп отырған жоқ, танылатын мүмкіндік болмыс ретінде қарастырған. Абайдың өлеңінің екі жолында «расты» үш рет қолдануы тегін емес. Ол өлеңді қабылдаушының ойына өріс бергендік. «Алланың өзі де рас емес, сөзі де рас», ал керісінше ойланып көрелік. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас емес» - сонда «рас» не болғаны. Ақылың бар, сана-сезімің бар, ойлаң, түйсін. Алладан өзге қандай расың бар. «Алланың өзі де рас...» - осылай өткен тарихта болған, қазір де солай, болашақта да солай бола бермек. «Рас» бұл мәнінде мәңгіліктің өлшемі. Алла рас, демек, ол мәңгілік - шындық, оның растығы - мәңгіліктігінде. Сонымен жалған болмайтын «рас» не дегенге, Абай ол Алланың өзі және сөзі дейді. Бұл мәнде «рас» болмыстың баламасы. Әлемдегі «рас» - болмыс. Болмыс ешуақытта жалған болмақ емес. Абай дүниетанымында Алла - шындық. Демек, шындық рас болса, Алла да рас. Шындық дегеніміз, қарапайым тілмен айтсақ, өмір яғни өмірде бар екеніміз, істеген ісіміз, сөйлеген сөзіміз рас болса, онда Алланың да сөзі мен өзі рас. Қысқасы, шындықты мойындау, Алланы мойындау. Бұл Абай гуманизмінің көзі. Алла ісіне мойын ұсынып, мұсылман болудың Абай айтқан шарты - адамға адамшылық жасау.

«Алла ішімді айтқызбай біледі ойла,

Бендесіне қастықпен кінә қойма.

Распенен таласпа мұмин болсаң,

Ойла, айттым, адамдық атын жойма!..»

Соңы: Ана сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді, ата дінімізді, игі салт дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды, атадан балаға мирас болып келе жатқан, мол мұра асыл қазыналарымызды ардақтау – баршамыздың міндетіміз. Ата-бабаларымыз ұлын мұсылмандық жолымен сүндеттеп, оларға тәлім-тәрбие беріп, "қыздарына қырық үйден тию" деген, шариғат жолынан ауытқымаған. Ислам дініне енді-енді бет бұрып келе жатқан жастарымыз басқа діннің ықпалында кетіп қалмауын қадағалауымыз керек. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, бақытымыз баянды болу үшін, ел тірегі болар иманды, парасатты ұрпағымыз болсын. Кейінгі ұрпақ намысты, жігерлі болып өссін.

